



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкінің кадр резервін қалыптастыру туралы

2021 жыл, 28 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі кадр резервіне үміткерлерді іріктеу басталғаны туралы хабарлайды. Қатысу үшін **2022 жылғы 5 қаңтар – 2022 жылғы 5 ақпан** (қоса алғанда) аралығында Қазақстан Ұлттық Банкінің сайтында [электрондық резюме](#) толтыру қажет.

Кандидаттарды іріктеу кезіндегі негізгі өлшемшарттар: білімі, жоғары біліктілік деңгейі, жұмыс тәжірибесі, халықаралық сертификаттардың болуы (қаржы, IT саласында).

Кадр резервіне іріктеу кезең-кезеңімен жүргізіледі. Бірінші кезең – түйіндеме мен мотивациялық хат (эссе) жолдау, одан кейін оларды қарау қорытындысы бойынша кандидаттар Қазақстан Ұлттық Банкінің адам капиталын дамыту департаментінің өкілдерімен, сондай-ақ мүдделі бөлімше басшыларымен әңгімелесуге шақырылады.

Іріктеуден өткен және кадр резервіне алынған ізденушілер **жыл ішінде Қазақстан Ұлттық Банкіне жұмысқа орналасуы мүмкін**.

Кадр резервіне алынған кандидаттар тізімі [Ұлттық Банктің сайтында](#) жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7(7172) 77 51 32

+7 (7172) 77 55 77 (ішкі 1541)

e-mail: HR@nationalbank.kz